



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

2 тамыз
сенбі

№57 (2170)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

СУ ҮНЕМДЕУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

Қызылорда аграрлы аймақ болғандықтан, су мәселесі әлі күнге дейін мінберден түспей тұр. Бұл – өз кезегінде диқандардың шымбайына батқан шындық. Премьер-министр Олжас Бектенов Сыр өңіріне сапарында су мәселесіне жіті назар аударды.

Сыр диқандары қолда бар мүмкіндіктің барлығын қарастырып жатыр. Егілген дақылды жауын-шашынға қалдырмай ертерек жинап алудан бұрын, қазір су жеткізу мәселесі алдымызда тұр. Мәселен, Қармақшы ауданындағы «Жаңажол» серіктестігінің бригадирі Данияр Нұрмағамбетов он жылдан бері өндірістік бригаданы басқарып келеді. Алқаптың ой-шұқырын көзі танып, біраз тәжірибе де жинақтап қалған ол су мәселесін реттілікпен шешкенін айтты.

– Күршіттің шығымы жаман емес. Суды бригадалар арасында кезектесіп ішу әдісімен үнемдеп жатырмыз. Қашыртқыдан су алып, қайта пайдаланған да сәттеріміз бар, – дейді ол.

Өңірде егісті әртараптандыру жүйелі жүрде. Суды аз қажет ететін дақылдар көлемін арттыруға да басымдық берілген. Агро өнеркәсіптік кешенді дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында да бұл мәселе қаралған. Суды көп қажет ететін дақылдардың алқаптарын қысқарту керекі анық айтылды. Ресми деректерге жүгінісек, күріш пен мақта алқабы 41 мың гектарға, оның ішінде күріш алқабы 10 мың гектарға азайтылмақ. Сонымен бірге жүгері мен жем-

шөп дақылдарының өндірісі кеңейіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу саласы дамуда. Бұл шаралар суармалы жерлердегі су тұтынудың үлесін кем дегенде 20 пайызға төмендетуге бағытталған. Өңірде су тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мелиорация бойынша шаралар енгізілуде. Мәселен, Түркістан және Қызылорда облыстарында 118 тік дренаж жүйесі және 243 сорғы агрегаты іске қосылды. Коллекторлық-дренажды суды қайта пайдалану жүзеге асырылады және кезектестіре әрі түнгі суару жүйесі тәжірибеден өтуде.

Агротасаланы қолдауда мұнан да бөлек, көптеген бастама қолға алынууда. Президенттің аграрлық секторды тұрақты түрде сумен қамтамасыз ету бойынша берген тапсырмасын іске асыру аясында Үкімет резервінен Қызылорда облысының қажеттіліктері үшін 53 жылжымалы дизельді сорғы стансасын сатып алуға шамамен 1 млрд теңге бөлінді.

2-БЕТТЕ



ҚАЛАНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

немесе тұрғындарға ыңғайлы орта



Урбанизация – халықтың қалаға көшуі және қалалық өмір салтының үстемдік алу үрдісі, қарапайым тілмен айтқанда, елді мекендердің қалалану дәрежесінің өсуі. XXI ғасырда бұл құбылыс ғаламдық беталысқа айналды. БҰҰ болжауына сәйкес, 2050 жылға қарай әлем халқының екі адамынан бірі емес, үштен екісі қалаларда тұратын болады, яғни әлемдік урбандалу деңгейі шамамен 70% көрсеткішіне жетуі мүмкін. Қалаға шоғырлану тек халық санының артуы емес – ол экономикалық даму, инновация және өмір сүру салтының өзгеруімен тікелей байланысып жатыр. Бүгінде дүниежүзіндегі қалалар жаһандық ЖІӨ-нің негізгі бөлігін өндіреді, жаңа жұмыс орындарының көпшілігі де осы шаһарларда ашылады.

Қазақстанның да бұл үрдістен тыс қалмасы анық. Статистикалық деректерге сүйенсек, елдегі қала тұрғындарының үлесі 2022 жылдың соңында 61,5% деңгейіне жеткен. Бұл – үкімет 2025 жылға қарай қол жеткізуге тиіс межені ел азаматтары күткендегіден ертерек еңсергенін көрсетеді. Яғни, қазірдің өзінде халқымыздың жартысынан астамы қалада өмір сүреді, әрі бұл көрсеткіш жыл санап өсуде. Бірқатар болжамдар бойынша 2030 жылға қарай Қазақстан халқының кемінде 70%-ы қалалық болады деп жоспарлануда.



Демек, алдағы онжылдықтарда еліміздің келбеті мен дамуы қалалардың қалай өсіп-өркендеуіне тікелей тәуелді болмақ.

Урбанизация жеке адамның өміріне де айтарлықтай әсер етеді. Қала тұрғындарының ауылға қарағанда жұмыспен қамтылу, білім алу, медициналық қызмет және мәдени ортаға қолжетімділігі жоғарырақ болуы мүмкін. Дегенмен күрделі урбандалу үдерісі жаңа мәселе тудырады. Тұрғын үй жетіспеушілігі, жол-көлік кептелісі, экологиялық проблемалар мен әлеуметтік тенсіздік сынды мәселелер қала халқының алдында мәселе тудыруда. Сондықтан қалаларды орнықты дамыту – әлем елдері үшін өзекті міндет.

Елімізде де урбандалудың маңызын мемлекет деңгейінде түсіну қалыптасып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның орнықты урбанизация жолында екенін, халқы миллионнан асқан мегаполистердің жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің тірегіне, ал облыс орталықтарының өңірлер өсімінің өзегіне айналуға тиіс екенін атап өткен болатын. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев урбанизацияны «жай ғана құрылыс емес, адамға бағытталған қауіпсіз, таза, инклюзивті, қолжетімді әрі зияткер, экологиялық қалалар құру үдерісі ретінде» қабылдау керетін айтады. Яғни, урбандалу – тек ғимараттар санының көбеюі емес, ең алдымен адам өмірінің сапасын жақсартуға арналған орта қалыптастыру



деген сөз. Қалалардың өркендеуі халықтың әл-ауқатын арттырып, елдің экономикалық дамуына серпін береді. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Қазақстандағы орнықты даму мақсаттарына жету қалаларды тиімді дамытуға тікелей байланысты екенін алға тартуда.

Сондықтан Қазақстан үшін де жоспарлы, дұрыс урбанизация саясаты айрықша маңызды болып отыр.

3-БЕТТЕ

СҰХБАТ



ӘЛЕМ ТЫҢДАЙТЫН ӘН ЖАЗҒЫМ КЕЛЕДІ

Талғампаз тыңдарман арасында Үкітай Ернұсұлы есімі жиі айтылады. Оны бірі ақын, сазгер десе, енді бірі жыршы, ақын деп бағалап жатады. Қалай айтса да қателеспейді. Табиғат оған осыншама талантты үйіп-тоғіп беріп, сол бақты ұстап тұратындай салмақ бергендей. «Бозторғай ана», «Найзағай көңіл» секілді танымал әндердің авторы, Мәдениет саласының үздігі Үкітай Айжігітұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Үкітай, жүрекке жеткен әндеріңіз арқылы есіміңіз елге танылды. Ең әуелі оқырманға туып-өскен ортаныз, отбасыңыз, ата-ананыз туралы айтсаңыз...

– Мен 1987 жылы үлкен отбасында дүниеге келдім. Туған жерім – Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылы. Әкем Айжігіт мемлекеттік қызметте, есеп-қисап саласында жұмыс істеп, зейнетке шықты, анам Орынкүл саудамен айналысты. Өкінішке қарай, жақында анам өмірден озды. Өмірімдегі орны толмас жағдай. Екі әпкем, бір ағам, бір қарындасым, бір інім бар. Үйде менде ғана бәрі бар деп айтамын.

4-БЕТТЕ

ЕҢБЕК АДАМЫ

АУА РАЙЫНА БАҒЫНБАЙТЫН МАМАНДЫҚ



Қала мен даланың арасын жалғаған шойын жол бір қарағанда үнсіз жатқан темір тізбек секілді. Алайда сол темірдің әр буынының артында адам еңбегі, маңдай тер, төзім мен тәртіп жатыр. Жолаушылар мінген пойыздар уақытылы келіп-кетіп жатса, жүк вагондары дөңгелек жерге сүрінбей жетсе бұл көрінбейтін, бірақ қажырлы еңбектің нәтижесі.

Сол қызметтің иесі – теміржолшылар. Бұл мамандар жаздың шілдігін ыстығына да, қыстың бет қаратпас суығына да қарамай, уақытпен де санаспай еңбек етіп келеді. Олар шаршау мен тоқтауды білмейтін, тәртіп пен төзімді өмір салтына айналдырған жандар. Олардың жұмысы көзге көріне бермейді. Бірақ ел ішіндегі қозғалыс пен тыныштық тікелей соларға байланысты.

Сол тыныштықты қамтамасыз етіп жүрген маманның бірі – Бақытбек Әбілов. Ол теміржол саласында бес жылдан астам еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман. Жұмыс күн жол шеберінен арнайы мақсатты нұсқау алудан басталады. Мұнан соң іске кіріседі. Кейде жұмыс жоспарлы түрде жүргізілсе, кейде күтпеген тапсырма түсіп, жағдай күрт өзгеріп кетуі мүмкін.

– Бұрмаларды уақытында ауыстыру, тозған болттар мен тіректерді жаңарту, теміржолды күтіп ұстау – біздің күнделікті ісіміз. Жылдық жоспармен де, шұғыл тапсырмамен де жұмыс істейміз, – дейді ол.

Теміржолшының басты міндеті – жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл жай ғана бақылап жүретін жұмыс емес. Мұнда әр рельстің қисаюын дер кезінде аңғарып, әр дөңгелек түйіскен жердің беріктігін байқау керек. Қателікке жол жоқ. Өйткені бұл жерде бір болттың босап қалуы сынды салғырт жағдай бүтін пойызға, тіпті адам өміріне қауіп төндірмейтін мүмкін. Бақытбек ағаның айтуынша, теміржолдың бойындағы жұмыс жалғыз емес, топпен атқарылады. Өріптестер арасында ұйымшылдық пен сенім болмаса, бұл салада алға басу қиын. Себебі әрбір жұмыс бір-біріне тәуелді әрекеттердің тізбегі. Бірі қателессе, барлығы зардап шегуі мүмкін.



– Біз бір-бірімізге қарап, ұйымшылдықпен жұмыс істейміз. Күннің аптабында да, жауын-шашында да, боранда да бірге жүреміз, – дейді ол.

Теміржолшының киімі күнге күйіп тозады. Бірақ бұл ауырлық емес, абырой. Өйткені әрбір жүріп өткен шақырым, әрбір орнатылған бұрма елдің тыныштығына, қозғалыстың қауіпсіздігіне қосқан үлес.

Бақытбек Әбілов жай ғана теміржолшы емес. Ол – тіршілігі шойын жол –

мен өрілген, уақытпен емес, тәртіппен жүретін маман. Оның еңбегі теміржол үстіндегі тыныштықтың, қозғалыс қауіпсіздігінің кепілі. Жұмыс уақытымен шектелмейтін, ауа райымен санаспайтын, ешкім байқамаса да, тоқтамайтын қызмет. Ел іргесі тыныш, пойыздар аман-есен жүйткіп жүрсе, бұл солардың ерлікпен пара-пар еңбегінің нәтижесі. Бақытбек аға секілді мамандар теміржолдың ғана емес, елдің де тірегі. Өйткені олар үлкен істің ұйытқысы болып келеді.

Нұржан
НУҒЫМАДИЛЛА

СУ ҮНЕМДЕУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

Олжас Бектенов Президенттің аграрлық секторға су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі тапсырмаларының орындалуын тексерді және өңірдің су шаруашылығы инфрақұрылымының жай-күйімен танысты.

Премьер-министр заманауи су үнемдеу технологияларын іске қосқан Шиелі ауданындағы «Ақмая» шаруа қожалығының егіс алқаптарында болды. Шаруашылықта күріш, күздік бидай және жоңышқа өсіріледі, ал суару үшін суды ұтымды тұтыну жүйелері қолданылады. Қолданылған шешімдердің тиімділігі осы жылдың вегетациялық кезеңінің мысалында көрсетілді.

Олжас Бектенов өңірдің негізгі гидротехникалық нысандарының жұмысымен танысты. Атап айтқанда, Сырдария ауданында орналасқан «Өйтек» су торабының жұмысын тексерді. Су торабы 2004 жылы САРАТС жобасы аясында пайдалануға берілген. «Өйтек» арқылы 13 мың гектар егіс алқабы мен 3 319 гектар көл жүйесі, сондай-ақ 120,8 мың гектар шабындық және жайылымдық жерлер сумен қамтамасыз етіледі. Үкімет басшысы Қызылорда қаласы Қызылөзек ауылдық округіне қарасты 120 мың гектардан астам аумақтағы көл жүйесі мен жайылымдық



жерлерді сумен қамтамасыз ететін Қараөзек арнасына да әуелен шолу жасады.

Қызылорда су торабын аралау барысында су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жақанов өңірдегі су шаруашылығы жағдайы мен кәзіргі

қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. Қызылорда су торабы 1956 жылы пайдалануға берілген және 120 мың гектар аумақты суаруды қамтамасыз етеді.

Сапар барысында Премьер-министр Мемлекет басшысының су үнемдеу технологияларын қарқынды түрде енгізу

жөніндегі алға қойған міндетіне назар аудартты. Бұл кәзіргі гидрологиялық жағдайда өте өзекті. Осыған байланысты Үкіметтің баса көңіл бөліп отырғаны – ауыл шаруашылығы өндірушілерін тұрақты сумен қамту, соның ішінде оларды суды тиімді пайдаланудың заманауи технологияларына кезең-кезеңімен көшіру. Осы тұрғыда 2024 жылы Су және ирригация министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп инвестициялық субсидиялау және суармалы су ережелеріне тиісті өзгерістер енгізген болатын. Соған сәйкес тамшылатып және жаңбырлатып суаруды енгізген шаруашылықтармен суды пайдалануға арналған келісімшарттар басымдық беру тәртібімен жасалады. Қағандары қалдық су көлемі және суды үнемдейтін шешімдерге көшу міндетмесі болған жағдайда ғана су ресурстарын ала алады.

Сапар қорытындысы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов суды тиімді пайдалану тәжірибесін кеңейту және заманауи әдістерге көшуге шаруаларды ынталандыру қажеттігін атап өтті. Жалпы алғанда, Үкімет бұл бағыттағы жұмысты өңірлермен, жауапты министрліктермен және су пайдаланушылармен үйлестіре отырып жалғастырмақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте

Ұстазға құрмет

Қала әкімі Нұржан Ахатов ардагер ұстаз, ҚР білім беру ісінің үздігі Мәдина Әліпбаеваны қабылдап, 80 жас мерейтойымен құттықтады. Ізгі тілегін білдірген шаһар басшысы мерейтой иесіне Қызылорда қаласы әкімінің Құрмет грамотасын тапсырды.

– Ардагер ұстаз Мәдина Нұрасылқызының өнегелі өмір жолы мен табанды еңбегі баршаға үлгі. Сіз бала жүрегіне жол тауып, оны білім мен ізгілікке баулудың жауапты да, қайірі жолын таңдадыңыз. Тәрбиешілік қызметтен бастап, мектеп басшысы лауазымына дейінгі барлық міндетті үлкен жауапкершілікпен атқардыңыз. Сізден тәлім алып, талай шәкірт түлеп ұшты, бүгінде олар әр саланың майталмандары.

Мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін. Шәкірттеріңіз әрдайым мерейіңізді үстем ете берсін, – деді қала әкімі.

Ұлағатты ұстаздың өнегелі өмір жолы ұрпаққа үлгі. Мәдина Әліпбаева 1945 жылы 29 шілдеде Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ол 1962 жылы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде білім алып, одан әрі 1968 жылы Н.В.Гоголь атындағы

педагогикалық институтының тарих факультетінде оқуын жалғастырады. Еңбек жолын №6 балабақшада тәрбиеші болып бастаған Мәдина Нұрасылқызы 1969-1972 жылдары №212 қазақ орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі қызметін атқарады. Кейінгі жылдары қалалық партия комитетінің хатшысы, №140 мектепте оқу ісінің меңгерушісі, ал 1984 жылдан бастап 2000 жылға дейін Ғ.Мұратбаев атындағы №171



мектептің директоры болып қызмет атқарды. Ұлағатты ұстаз тек білім беру саласында ғана емес, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда, рухани тәрбие беруде де алдыңғы қатардан көрінді. Мектеп қабырғасында «Шаңырақ» клубын құрып, жас ұрпақтың бойына салт-дәстүрді сіңіруге бар күш-жігерін арнады.

Мәдина Әліпбаева зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық істерден шет қалмай, бүгінде облыстық білім беру қызметкерлері ардагерлер кеңесінің белді мүшесі ретінде білім саласының дамуына үлес қосып келеді.

Ардагер ұстаздың мерейтойына орай өткен жиында бірқатар қадірлі қонақтар, замандастары мен шәкірттері Мәдина Әліпбаеваға ақжарма тілектерін арнады. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шакизат Төребаев, ардагер ұстаз Гүлзия Оспанова және ардагер Сайлаубай Әбішев

ұстаздың өмір жолынан сыр шертер естелік айтты.

Ұстаздан тәлім алған шәкірті, «Отбасы банк» АҚ Қызылорда облыстық филиалының басшысы Әділжан Сәулебаев шәкірті ретінде алғысын білдіріп, гүл шоқтарын табыстады.

Жиын соңында мерейтой иесі Мәдина Әліпбаева қала басшылығына, әріптестеріне, шәкірттеріне алғыс білдіріп, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан жандарға ізгі ниетін білдірді.

– Қызмет жолымда көптеген ұстазбен еңбек еттім, ұлағатты шәкірт тәрбиеледім. Бүгінгі күн – мен үшін үлкен мәртебе. Қала әкімдігіне, әріптестеріме, шәкірттеріме шексіз алғысымды білдіремін. Ең бастысы, ел аман болсын! – деді ардагер ұстаз.

Айдана БАХТИЯР



Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», қалалық «Ақмешіт апталығы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21748 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5820 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboyi@yandex.kz, yzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 3938 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: 95 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің aqmeshit-apталыgy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

TikTok: Video – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). **Жарнама бөлімі:** 8 (7242) 70-00-52, **комму-татор:** 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Жаныңда жүр жақсы адам

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз. Қайным Айдархан Алтынбекұлын жақсы кісілердің қатарына қосар едім. Ол кісі сырт көзге біртоға, тұйықтау көрінгенмен жақын келіп әңгімелессен жүрегі таза, сөзге шебер, тарихты да, шешірені де әріден қозғайтын білімді азамат. Тектілігі арғы бабаларына тартқаны сезіледі. Мендікүл бабасы атақты би болған. Сол себепті әулетіміз «Биатаның балалары, ұрпақтары» деп аталыпты.

Биатам ел билігін ұстап еді. Адамдықтың ақ туын жықпап еді, Тектіліктің тектісі бабаларым, Ұрпағына түзу жол нұсқап еді.

Ал Құдайберген атамыздың бес ұлы бір шаңырақта өмір сүрген. Олар бір қазаннан ас ішіп, іргесі бұзылмай, жапсарлас салынған үйлерде тұрған. Олар киіз үй жабылғын жасайтын, егін егіп, мал бағып, балық, аң аулап, тіпті мылтық жасайтын шебер-ұсталар болыпты. Тіршіліктің арқасында ауқатты болғандықтан туған-туыс, жақын-жуық ағайынның жанашыры болған. Сейдахмет атамыз бен Қашпа әжеміз басшылық жасап, қамқор болуының нәтижесі екенін көнекөз кісілер айтты.

Соғыс басталысымен 23 маусым 1941 жылғы қайнағам Алтынбек, кейін 1942 жылға дейін Сейдалы, Асан, Әліқұл майданға аттанады. Бала шағалары Сейдахмет атамыздың қамқорлығында қалады. Әйелдері, балалары колхозда еңбек етеді.

Женістің 80 жылдық мерекесіне орай Алтынбек қайнағамның Отан соғысында көрсеткен жауынгерлік ерлігін ұлықтап, қаламыздан бір көшенің атын беруге шешім шыққаны бізді қуантып отыр.

Білімге жастай құмар болған Алтынбекұлы Айдархан жастайынан эпос, лиро-эпос жырларын өз бетінше оқып үйренген зерек, кітапқұмар бала болып өсті. Сол кездің классик жазушылары Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты», Б.Полсвойдың «Нағыз адам туралы аңыз» кітабын басына жастап оқып, жаттап алуға әзір оқушы болды.

Айдархан өмірінің әр күніне үлкен мақсат қойған, болашақты ойлай білетін, жақсылыққа сеніммен қарайтын, адамгершілік пен ақыл-парасатты бойына сіңіре білген азамат болып өсті. Ешкімнің ала жібін аттамай, туған-туыс, ағайынға көмек қолын ұсынатын әділ, ақ жүректілігімен ерекшеленді. Жұмыста абыройлы да білгір маман болып қалыптасты.

Еңбек жолында 1971-1975 жылдары №11 автобазада механик болып бастап, автоколонна бастығы лауазымына көтерілді. 1973 жылы партия қатарына қабылданып, 1975-2003 жылдары «Риссовхозстрой» тресіне қарасты №2 автобазада 28 жыл абыройлы еңбек етті. Механик, шеберхана жетекшісі, гараж меңгерушісі, автоколонна басшысы, бас инженер, 14 жыл бастауыш партия ұйымының хатшысы (парторг) болып қоғамдық жұмысын қоса атқарды. 1972-1975 жылдары Қызылорда қалалық коммунистік партия комитетінің жанындағы үш жылдық марксизм-ленинизм университетін бітіріп, 1989-1994 жылдары қалалық кеңестің депутаты болып сайланды. 2003-2013 жылдары «Достық ойлы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өндірістік цех басшысы қызметінде болып, 2013 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің ыстық ықыласына, ағайын-туыстың алғаусыз алғысына бөленді. Ұзақ жылғы автокөлік саласында атқарған адал еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстанның құрметті автокөлікшісі» төсбелгісімен, Қызылорда облысының «Құрметті ардагері», «Автокөлік саласына – 80 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды. Қаламыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан Айдархан Алтынбекұлына «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы беріле екен.

Құдай қосқан зайыбы Сара келінімізбен отасып, 50 жылдық алтын тойдың куәсі болып отырмыз. Бүгінде қазыналы қарт, әулетіміздің басшысы болып, өмірге әкелген үш перзентінен немере сүйіп отырған берекелі шаңырақ. Айналасы толған ағайын тұма-туыс, құда-жекжаттар ұлттық дәстүрді, ата-баба жолын құрметтеп, өмірдің тәттілігін, қызықшылығын көру үшін адал еңбекпен өмір сүру қағидасын ұран етіп келеді. Тамырын теренге жайған Биатаның ақ туын жайқалтып отырған әулеттің данагері жанашыры Айдархан қайымыды қосағымен жүзге келіп, шөбере, шөпшек сүйсін деген тілек айтқым келеді.

Алтын ҚАЛИӘКБАРОВА, зейнеткер

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ №232 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

№232 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А. Хангелдин атындағы №179 орта мектебі» КММ, Қарауылтөбе ауылдық округі, А. Иманов көшесі құрылыс № 1А. Телефоны: 8 (7242) 21-33-30

№232 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Кошкарбеков Оркен Орынбекович – төраға, Муслимов Ербол Шамсутович – төраға орынбасары, Омарова Жадыра Серикбаевна – хатшы, комиссия мүшелері: Байдосова Гульнур Кунтугановна, Жүргенбаев Бауыржан Сапарбекович, Раисов Нурлан Асылбекович, Тилеубаева Гулжан Оразбековна.

№232 учаскелік сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 2025 жылғы 10 тамызынан бастап сағат 09.00-19.00, түскі үзіліс: 13.00-15.00

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

ҚАЛАНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

немесе тұрғындарға ыңғайлы орта

ӘЛЕМНІҢ ТАБЫСТЫ ҚАЛАЛАРЫ

Урбанизацияның тиімді үлгілерін дүние жүзі қалаларының тәжірибесінен үйренуге болады. Әлемнің әр түкпірінде қалалық ортаны жақсартуға бағытталған жаңашыл жобалар іске асырылуда. Соның ішінде жиі аталып жүрген бірнеше қала бар: Сеул, Копенгаген, Сингапур. Бұл шаһарлар урбанизацияның адамдар игілігіне қызмет ететін жолдарын көрсетеді.

Сеул (Оңтүстік Корея) – ауқымды урбанистік жобаларды сәтті жүзеге асыра білген мегаполис. Бұрын автомобиль магистралі болған орында қазір әйгілі Чхонгечхон өзені ағып жатыр. 2003-2005 жылдары Сеул билігі қала ортасындағы көпірлі тас жолды толықтай бұзып, астында көміліп қалған өзен арнасын қалпына келтірді. Нәтижесінде, өзен бойы бүгінде тұрғындар мен туристер тамашалайтын саябаққа айналды. Бұл өзгеріс қалаға бірнеше пайда әкелді. Біріншіден, бұрын көліктерден көз ашпаған орталық тазарып, жаяу жүргіншілер мен демалыс орны көбейді. Екіншіден, экологиялық жағдай жақсарды, өзен өз арнасымен ағып, ауа тазара түсіп, жазғы аптапта төңіректегі ауа температурасын салқындатуға септігін тигізді. Үшіншіден, Чхонгечхон өзені тасқын суларының табиғи жолмен өтуіне жағдай жасап, су басу қатерін төмендетті. Яғни, Сеул автожолды алып тастап, оны жасыл желекке бөлгеннен өзен жағалауымен алмастыру арқылы қала ортасын тұрғындар үшін қолайлы етті. Сонымен қатар бұл жоба әлемге «қала кеңістігін автокөлікке емес, адамға қайтару» деп аталатын үрдістің озық үлгісін көрсетті. Бүгінде Сеул әлемдегі

урбанизацияның келбетіне жаңа мағына берді. Бүгінде Сингапур аумағының жартысына жуығы жасыл желек. Нақты айтсақ, қала –7800 гектар табиғи жасыл алаңды сақтап қана қоймай, оны келесі онжылдықта тағы 1000 гектарға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Қала ішінде жалпы ұзындығы 370 шақырымдық парктік желі арқылы саябақтар мен бақтар бір-бірімен байланыстырылған. Соның нәтижесінде Сингапур 48% жасыл желек көрсеткішіне қол жеткізіп, урбанистикалық көгалдандыру бойынша әлемдік көшбасшы атанды. Бұл жасыл инфрақұрылым қаланы ыстық тропикте жылу аралы әсерінен қорғайды, нөсер жаңбыр суын сіңіріп, су тасқыны қаупін азайтады. Мысалы, Бишан-Ан Мо Кио саябағында өзен арнасы табиғи күйде сақталып, тасқын кезінде артық суды жинайтын кеңістік ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ Сингапур тиімді тұрғын үй саясатының үлгісі ретінде де танымал. Тұрғындардың басым бөлігі мемлекет салған қолжетімді пәтерлерде тұрады. Бұл урбанизация дәуірінде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге сеп болды. Сингапур тәжірибесі көрсеткендей, ұзақ мерзімді шебер жоспарлау және мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің үйлесімі қала өмірін жайлы әрі тұрақты етуге мүмкіндік береді.

КЛИМАТ, АДАМ ЖӘНЕ ҚАЛА: ШЕШІМ БАР МА?

Форум бағдарламасы бір күнге шоғырланғанымен, мазмұны жағынан ауқымды және мәнді талқылаулармен ерекшеленді. Танертенгі пленарлық отырыста еліміздің орталық және жергілікті атқарушы органдарының



Әсел Қожақова сөз алып, сарапшылар панелі өңірлерде урбанистиканы дамытудың нақты тетіктерін талқылады. Катя Шефер бұл сессияда негізгі баяндама жасап, түрлі өңірлер тәжірибесін салыстыра отырып, «даму орталықтандырылған болмауы керек, әртүрлі өңірдің тұрғындарына бір үлгідегі қалаларды тұрғыза алмаймыз» деген ойды алға тартты. Шефердің «әр қала – жергілікті ерекшеліктеріне сай жеке тәсілді талап етеді» деген тұжырымы форумдағы басты ұстанымдардың бірі ретінде қабылданды. Талқылау барысында отандық мамандар цифрлық технологиялардың үлесі, мысалы, қалалық жер кадастрын цифрландыру, ашық деректер базасын құру және шешім қабылдауға тұрғындарды тарту туралы айтты. Сондай-ақ қаланың климатқа әрі мәдениетке сезімтал архитектурасы жайында да ұсыныстар берілді. Бұл жерде урбанистикада мәдени сәйкестікті сақтау және әр қаланың өзіндік келбетін қорғау мәселелері назардан тыс қалмады. Мәселен, сарапшылар жергілікті қауымдастықтардың қатысуы арқасында ғана өміршең шешімдер шығарып, әрбір өңірдің тұрғындары өз қаласының дамуына үлес қосса, ұлттық деңгейде теңгерімді өсуге қол жеткізуге болатынын тәжірибелер арқылы көрсетті.

Үшінші сессия «Климат және қалалардың тұрақтылығы: құрғақ аймақтар мысалы» тақырыбында ұйымдастырылды. Мұнда модераторлықты БҰҰ ДБ-ның Қазақстандағы эксперименталды жобалар бөлімінің жетекшісі Данияр Мұқитанов атқарды. Негізгі баяндамашы ретінде шақырылған Ави Саркар (БҰҰ-Хабитаттың негізгі қызметтер және тұрақты даму бөлімінің өкілі) құрғақ климатты өңірлердегі қала тұрақтылығы жөнінде халықаралық тәжірибені бөлісті. Су тапшылығы, шөлейтену және жазғы аптап ыстық проблемаларына төтеп беру үшін қалаларды бейімдеудің нақты қадамдарын талқылады. Табиғи негіздегі шешімдер, мысалы, жасыл дәліздер қалыптастыру, жаңбыр және өзен суларын ұстап қалу жүйелерін енгізу, қаланы жоспарлауда экожүйелерді интеграциялау сияқты ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ микроклиматтық аймақтандыру әдістері, қаланың архитектурасын жергілікті ауа-райына бейімдеу (көлеңкелі көшелер, жел айналымын есептеу, т.б.) қажеттігі сөз болды. Цифрлық технологиялар арқылы климаттық тәуекелдерді басқару, мысалы, су тұтынуды ақылды бақылау жүйелері, ерте ескерту платформалары, қала инфрақұрылымының цифрлық жүйесін жасау тәжірибесі де назарға алынды.

Форум барысында талқыланған ортақ тақырыптар – инклюзивті және теңгерімді қалалық даму, қала мен ауылдың байланысы, климатқа бейімділік, жастардың қатысуы және урбанистикадағы цифрлық инновациялар – мұның барлығы Қазақстанның жаңа урбанистикалық саясатының негізгі бағыттарын айқындап берді. Форум күн тәртібі аясында бүкіл әлемде жүріп жатқан New Urban Agenda – Жаңа қалалық күн тәртібіне Қазақстан қалаларын сәйкестендіру, БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына үлес қосу жолдары қарастырылды. Сонымен бірге арнайы айтылған бір жайт – шағын және орта қалалардың ұлттық дамуындағы рөлі.

Халықаралық сәулетші Гарри Доббс қала кеңістігін жобалауда қолжетімділік пен инклюзивтілік ұстанымын сақтаудың маңызына тоқталды. Оның айтуынша, қалалық дизайн тұрғындардың күнделікті өмірін жеңілдетіп, қауіпсіздік пен жайылымды сезіндіруі шарт. Риккардо Марини де әріптесінің ойын жалғап, тарихи мұра мен заманауи шешімдерді үйлестіре отырып, қалаға өзіндік келбетін беру керектігін атап өтті. Шетелдік урбанистер Алматы, Астана, Лондон, Копенгаген сынды қалаларды мысалға алып, Қазақстанның шаһарларына оларды бейімдеу жолдарын ұсынды. Мәселен, Марини қала орталықтарын адамдарға ыңғайлы ету үшін «5 минуттық қала» тұжырымдамасын (барлық негізгі қызметтердің жаяу 5-10 минуттық қашықтықта орналасуы) қозғалды, ал Доббс жаяу жүргіншілер мен велосипед

инфрақұрылымын нығайту қажеттігін сөз етті. Бұлардың бәрі сайып келгенде, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға қызмет етпек.

БҰҰ Дамыу бағдарламасының өкілі Сухроб Ходжиматов форумдағы талқылауларды қорыта келе, қалаларды дамытуға жастарды, азаматтық қоғамды және бизнес секторды кеңінен тарту керекін алға тартты. Ол ұсынған мысалдарда кейбір өңірлерде жастардың өз қаласын жақсартуға арналған волонтерлік қозғалыстарын, қаланы бірлесе абаттандыру бастамаларын атап өтті.

ӘР ҚАЛАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ БАР

Қызылордада өткен Урбан форум Қазақстандағы өңірлік қалалардың рөлін қайта қарау және көтермелеу үрдісін бастады деуге болады. Бұған дейін урбанистика саясаты көбіне Алматы, Астана сынды мегаполистер төңірегінде сөз болса, ендігі назар облыс орталықтары мен моноқалаларға ауып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендей, миллиондық қалалар жаһандық бәсекеге қабілеттілік үшін тірек болса, облыс орталықтары өз өңірінің өсім өзегіне айналуы тиіс. Форум дәл осы тұжырымды іс жүзінде қолдап, өңірлерді дамытпайынша Қазақстанның орнықты урбанизацияға қол жеткізе алмайтынын нақтылады.

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев форум мінберінде өңірде жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстар жайлы мәліметтер келтіріп өтті. Өңір басшысы Қызылорда облысы тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге нақты үлес қосып жатқанын атап көрсетті. Яғни, урбанизация тек Астана мен Алматыда емес, Қазақстанның әр өңірінде жүріп жатыр және оның жемісін тұрғындар көруде.

Форумда өңірлік урбанизацияның артықшылығы жан-жақты талқыланды. Сарапшылар пікірінше, шағын және орта қалаларда дамудың өзіндік тиімді жақтары бар: тұрғындарының тығыз байланысы, жергілікті қоғамдастықтың белсенділігі, қоршаған ортаны сақтау дәстүрлері сияқты факторлар өңірлік қалаларды тұрақты дамудың шағын үлгілеріне айналдыра алады. Мысалы, Қызылордада ауылдық жерлер мен қала байланысы тығыз. Форумда бұл «қала мен ауылдың үндестігі» ретінде бағаланды. Ауыл шаруашылығы басым аймақтың орталығы болғандықтан, Қызылорда қаласы ауыл мен қала үйлесімінің модельдік алаңы бола алады. Мұнда ауыл өнімдерін қалаға жеткізуге, қала технологиясын ауылға тарату мәселелері біріккен кешенді даму стратегиясын талап етеді.

Сонымен бірге өңірлік қалаларда жергілікті мәдениет пен дәстүрді сақтай отырып, даму тренді маңызды. Форумда «қалалық бірегейлік» ұғымы қозғалып, әр шаһардың өз келбетін сақтау керектігі баса айтылды. Қызылорда қаласындағы тарих пен мәдени мұраны қазіргі урбанистикаға ықпалы талданды. Сыр өңірінің бай мұрасы (Қорқыт ата, қобыз дәстүрі, Қазақ хандығы кезеңдері) қала келбетіне ерекше реңк беріп отыр. Мәдени код пен қала бренді экономикалық дамуға да серпін беретінін сарапшылар алға тартты: мысалы, тарихи ескерткіштер мен өзен жағалауы туризмді дамытса, ұлттық колонерді қалалық сувенир индустриясына айналдыру кәсіпкерлікті жандандырады. Осындай ойлар форумда ортаға салынып, «өңірлік қалалардың жаңа дәуірі» келе жатқаны айтылды. Бұл дәуірде әр қала өз ерекшелігімен ел дамуына үлес қосады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК АЛАҢЫ

Қызылордадағы Ұлттық Урбан Форум – 2025 бір күндік шара болғанымен, оның Қазақстанның урбанистика саясатына тигізер ықпалы ұзақмерзімді болмақ деген тұжырым жасалды. Форум сонында Қызылорда облысы мен UN-Habitat ұйымы арасында өзара түсіністік туралы

декларацияға қол қойылды. Бұл құжат алдағы уақытта бірлескен жобалар жүзеге асатынын айғақтайды. Тараптар форум нәтижесінде қабылданған декларациясын таныстырып, келесі қадамдарды белгіледі. Енді өңірлер әкімдіктері арасында қалалық трансформация бойынша кеңейтілген диалог басталып, мұндай ұлттық форумды тұрақты өткізу дәстүрге айналуы мүмкін.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, форумда көтерілген ұсыныстар мен бастамалар жаңа стратегиялық құжаттар әзірлеуге негіз болады. Урбанистика саласындағы ұлттық саясат, қала құрылысы стандарттары, өңірлерді дамытудың кешенді жоспары – осының бәріне толықтырулар енгізілмек. Мысалы, форум талқысында айтылған «Өңірлерді теңгерімді дамыту ұлттық бағдарламасы» қажет деген бастама жоғары жақта қолдау табуы мүмкін. Сонымен қатар Ұлттық Урбан Форумының тұрақты хатшылығын немесе жұмыс тобын құрып, онда бүгінгі айтылған идеяларды ілгерілету жолдарын қарайтыны хабарланды.

Форум нәтижесінде қатысушылар инклюзивті, орнықты және климатқа бейімделген қалаларды бірге құру ниетін құптады. Шетелдік және отандық сарапшылар бұл жиынды «урбан саясаттағы бетбұрыс сәті» деп атап өтті. Өйткені форум арқылы Қазақстан абстрактілі концепциялардан нақты шешімдерге, орталықтандырылған жоспарлаудан өңірлік диалогқа көшудің белгісін көрсетті. Расында, бұған дейін қала мәселелері тек орталық деңгейде қаралса, Қызылордада өткен форумнан кейін әр облыс, әр қала түйтікілін ашық айта алатын алаң қалыптасты деуге болады.

Халықаралық әріптестер де форумды жоғары бағалады. БҰҰ тарапынан бұл шара Қазақстанды ресми түрде ұлттық және өңірлік урбан форумдар желісінің картасына енгізгені айтылды. Яғни, енді Қазақстанның ұлттық урбан форумы дүниежүзілік тәжірибеде танылып, алдағы уақытта еліміз дүниежүзілік Урбан форумдарына өз үлесін қосып, өңірлік деңгейде көшбасшылық танытпақ.

Ең бастысы, бұл алаң халықаралық ынтымақтастықтың платформасына айналды. Форумға шетелден келген сарапшылар мен халықаралық ұйым өкілдері Қазақстанның урбанистика саласындағы бастамаларын жоғары бағалап қана қоймай, өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар әлемнің түрлі қалаларындағы сәтті жобаларда ортаға салып, біздің жағдайымызға бейімдеуге көмектесті. Бұның өзі Қазақстанды өңірлердегі тұрақты урбанизмнің көшбасшысы ретінде танытады. Орталық Азияда мұндай Ұлттық урбан форум бұрын соңды өтпегені белгілі. Енді Қазақстан көрші елдердің қала жоспарына қатысты саясаттарын қалыптастыруда да тәлімгер бола алады деген ой айтылуда.

Форумда сарапшылар Қазақстан урбанистикасының болашағына үлкен сеніммен қарады. Бұл форум көрсеткендей, бізде орталық пен өңірлердің әріптестігіне негізделген, халқымыздың қажетіне қызмет ететін қала саясатын жасауға алғы шарт бар. Бұл форум өңірлердегі қалалардың дауысы естілетін, халықаралық тәжірибе мен ұлттық мүдде тоғысатын диалог алаңы болды. Алдағы жылдары осы бастама өз жалғасын тауып, Қазақстанның өзге қалаларында да ұлттық урбан форумдары өтіп, тәжірибе алмасу кеңейе береді деп жоспарлануда.

ТҮЙІН

Қызылордада өткен Ұлттық Урбан Форумынан түйген тұжырым – қала болашағы бүкіл ел болашағының негізі екендігі. Мемлекет басшысы билығы Жолдауында еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымында өзгерістер жасап, жаңадан үш облыс орталығын құрды. Бұл қадам да урбандалуды өңірлерде тең дамыту мақсаты екені белгілі. Ұлттық Урбан Форумы – еліміздің қала саясатына тың серпін бергені сөзсіз. Бұл басқосуда туындаған идеялар алдағы жылдары әр өңірде нақты жобаларға айналаса, қалаларымыздың келбеті жақсарып, тұрғындар өмірі де сапалы бола түспек. Форумда айтылғандай, «қалаларды тұрғындарға қолайлы, климатқа төзімді, инклюзивті орталықтарға айналдыру ортақ міндет және оған бірге әрекет еткенде ғана қол жеткізуге болады». Еліміздің урбанистік болашағын әрқайсымыз өз қолымызбен құрамыз және сол болашақтың негізі бүгіннен қаланауда. Ұлт ұранына айналған «Әділетті Қазақстан» концепциясы қалаларымыздың дамуында да өз көрінісін табады хақ. Әділетті қала әрбір тұрғынға жайлы, қауіпсіз, мүмкіндіктерге толы шаһар.

С.ТЕМІРБОЛАТ

ҚАЛА БОЛАШАҒЫ - ЕЛ БОЛАШАҒЫ



ең дамыған қоғамдық көлік жүйелерінің біріне ие. Метро желісі, автобустар мен велосипед инфрақұрылымы бір-бірімен тиімді кіріктірілген. Мұның барлығы корей астанасына қарқынды урбанизацияны басқаруға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Тағы бір мысал, Дания астанасы Копенгаген – велосипедтер қаласы ретінде танымал. Дания астанасы бірнеше онжылдық бойы жүйелі түрде жаяу жүргінші мен велосипедшілердің мүддесін көлік қозғалысынан жоғары қойып келеді. Соның нәтижесінде қала тұрғындарының жартысынан астамы күнделікті жұмысына велосипедпен қатынайды: Копенгаген бойынша 59% тұрғын жұмыс орнына жету үшін осы экологиялық көлік түрін пайдаланатыны ресми дерек. Қала билігі велосипед жолдарын бүкіл қалаға таратып, арнаулы велоөкірлер мен тұрақтар салған. Балалар 7 жасынан бастап өз велосипедімен жүретін деңгейге жеткен – ата-аналар балабақша мен мектепке сәбилерін арнайы жүк велосипедтермен апару Копенгагенде үйреніштікті көрініс. Мұндай «веломәдениет» арқасында қалада ауа сапасы жақсарып, тұрғындардың денсаулығы мен өмір жасы көрсеткіштері жағарылауда. Копенгаген тек велосипедпен емес, жалпы тұрақты қала дамуымен көш бастап тұр. Соңғы деректер бойынша, 2005 жылмен салыстырғанда қала көмірқышқыл газы шығарындарының 75%-ға қысқартқан. Копенгагеннің үлгісі – көлік инфрақұрылымын адамдардың әл-ауқаты мен экологияға басымдық бере отырып қайта қарастырудың пайдасын дәлелдейтін жарқын мысал.

Сингапур – «бағбан қала» атауына сай, табиғат пен технология әдемі үйлескен мегаполис. Халқы тығыз орналасқан қала-мемлекет жасыл кеңістікті көбейту арқылы

